

# «БЖЗК» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт жобасы



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар - сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған, қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласы үшін белгіленген ұсынымдар жүйесі.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды мемлекеттік органдар, ұйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілері **жұртшылықтың қатысуымен** әзірлейді. Заңнама дайындау кезінде және құқық қолдану тәжірибесінде ескеріледі.



"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы

Қолданыстағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты Қоғамдық кеңес 2021 жылғы 12 тамызда (№17 хаттама) қарап, мақұлдады және "БЖЗК" АҚ Басқармасының 2021 жылғы 17 қыркүйектегі №64 хаттамасымен бекітілді.



## «БЖЗҚ» АҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТЫНЫҢ МАҚСАТЫ

- ✓ Қордағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және Қор қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-дағдысын қалыптастыруға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеу

## «БЖЗҚ» АҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

- ✓ Қорда жұмыс істейтін адамдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-дағды қалыптастыру;
- ✓ сыбайлас жемқорлық көріністерін уақытылы анықтау және олардың жағымсыз салдарын болдырмау.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТТЫ ӨЗГЕРТУ НЕГІЗДЕРІ

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қолданыстағы заңнамасына өзгерістер енгізілді. Атап айтсақ, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттігін атқарушы орган, квазимемлекеттік сектор субъектісінің лауазымды тұлғаларына **қарамастан** жүзеге асырады және Қордың **Директорлар кеңесіне** есеп береді.





## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТҚА ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР ТІЗБЕСІ

- 1) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт", "Қор" қысқартулары енгізілді;
- 2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты жеке тармаққа бөлінген;
- 3) "БЖЗҚ" АҚ Құжаттандыру және құжаттаманы басқару қағидаларына сәйкес құжатқа өтпелі нөмір қойылды;
- 4) "БЖЗҚ" АҚ қызметкерлері нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлемейді, тек қана әзірлеуге қатысатын болғандықтан, бұл нормалар тиісінше түзетілді;
- 5) СЖҚС-да қызметкерлердің қызметтік ақпаратты жеке мақсатта пайдалануына тыйым салу туралы норма ресімделді;
- 6) Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңына сәйкес жақын туыстар тізбесі нақтыланды;
- 7) Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңына сәйкес СЖҚС-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауапқа тарту туралы норма ресімделді;
- 8) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасына Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт мазмұнының өзектілігі үшін жауапкершілік бекітілді.



**Рахмет!**

